



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ  
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –  
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ  
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ  
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

2) переориентация всех институционализированных форм профессионального образования, повышение квалификации педагога на задачу поддержки его как педагога-профессионала в стремлении к непрерывному профессиональному росту. Все рассмотренные выше факторы должны учитываться педагогами и их руководителями при планировании и осуществлении своей инновационно-педагогической деятельности, так как в совокупности они составляют общую систему требований к развитию педагога и его инновационности. Выстраивается новая логика профессионального развития педагога, гарантирующая его целостность с точки зрения профессиональной компетентности и направленная на постоянное обновление культурной среды образовательного учреждения, влияющая на повышение привлекательности инвестиций в образование.

#### Список литературы:

1. Слостенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. – М.: Изд-во «Магистр», 1997. – С. 221-224.
2. Лазарев В.С., Мартиросян Б.П. Нормативный подход к оценке инновационной деятельности школы // Педагогика. – 2003. – № 3. – С.17–25.
3. Сафонова Е.И. Рекомендации по использованию инновационных образовательных технологий в учебном процессе / Е.И.Сафонова. – М.: РГГУ, 2011. – 71 с.
4. Дроботенко Ю.Б., Дука Н.А., Дука Т.О., Чекалева Н.В. Инновационные процессы: учеб. пособие для студ. магистратуры. – Омск: ФГБОУ ВПО ОмГПУ, 2013. – 131 с.
5. Лагунова М.В., Воропаева Е.Э. Готовность педагога к инновационной деятельности // Материалы I междунар. науч.-практ. конф. – М.: НИЦ «Апробация», 2013. – С.161-167.
6. Дири М.И. Инновационная деятельность педагога в процессе его профессионального становления // Самарский научный вестник. – 2017. Т. 6, – № 2 (19). – С.221-226.

УДК 377.5

### БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ҚОЛДАНУ

**Бектасова Алтынай Аргынгельдиновна,**  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы  
«ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжі» ЖМ  
Қостанай қ., Қазақстан

#### Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау процесінде инновациялық оқыту технологиясының өзекті буындарының бірі - электронды оқу құралы. Мақалада электрондық оқу құралдары артықшылықтары мен оқу процесінде қолданылатын электрондық оқу құралдары туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** электронды оқу құралы, бәсекеге қабілетті, кәсіби тілдесім, компьютерлік бағдарламалар.

#### Аннотация

Актуальность и цель. Одним из актуальных звеньев инновационной технологии обучения в процессе подготовки конкурентоспособных специалистов является электронное учебное пособие. В статье рассказывается о преимуществах электронных учебных пособий и электронных пособий, используемых в учебном процессе.

**Ключевые слова:** электронное учебное пособие, конкурентоспособная, профессиональная коммуникация, компьютерные программы.

#### Abstract

Relevance One of the actual links of innovative learning technology in the process of training competitive specialists is an electronic textbook. Goal The article describes the advantages of electronic textbooks and electronic textbooks used in the educational process.

**Keywords:** e-learning aid, competitive, professional communication, computer programs.

Қазіргі заманғы мамандарды тиімді даярлау үшін дәстүрлі технологиясымен қатар жаңа білім беру жүйесінде озық білім беру технологиясын енгізу үлкен маңызға ие, оның ішінде ақпараттық компьютерлік телекоммуникациялық – технологиялық инновациялар.

Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау процесінде инновациялық оқыту технологиясының өзекті буындарының бірі – электронды оқу құралы.

Қазіргі кезде электронды оқу құралы білім беру қызметін басқаруға арналған компьютерлік жаңа дидактикалық қамтамасыз ету кешені болып табылады. Сонымен қатар оларға келесі негізгі функциялар жүктеледі:

- барлық оқу сабақтарының түрі жүзеге асыру үшін білімдерді, дағдыларды және біліктерді бақылау және бағалау;
- процестерді компьютерлік имитациялық модельдеу;
- ақпараттық қазіргі заманғы құралдар және ұсыну формасы арқылы дидактикалық принциптерді оқытудың жүзеге асыру мүмкіндігін кеңейту;
- білім алушылардың бейімделуі, оқыту процесін басқарудың оңтайлы деңгейі жоспарлау. [1, 46 б]

Электрондық оқулықтың жай оқулықтан айырмашылықтары қандай? Электрондық оқулық – оқу пәнінің негізгі ғылыми мазмұны қамтитын, компьютерлік технологияға негізделген оқыту, бақылау, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалардың жиынтығы. Электрондық оқулық жай оқулықтарға тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Әсіресе: кері байланысты практика жүзінде тез арада қамтамасыз ету; жай оқулықтағы ақпаратты іздеу мүмкіндіктері біраз уақыт алатындықтан болғандықтан электронды оқулық қажетті оқулықты табуға тез мүмкіндік береді; гипермәтін түсіндірулерге өту барысында уақытты үнемдеу; жеке тұлғаға бағдарланған, яғни оның нақты бір бөлім бойынша білімді тексеру және қысқа мәтінмен кодтар оны көрсету, баяндау, модельдеу т.б. мүмкіндіктер тез орындалады.

Жай оқулықпен салыстырғанда электрондық оқулыққа кездесетін кемшіліктер: экранды мәтіндік ақпаратты қабылдау ыңғайлылығы мен тиімділігінің төмендігі; пайдалану барысы құнының жоғарылығында.

Компьютерлік өнімдер, оның ішінде оқыту бағдарламалары мен электронды оқулықтар саны жылдан-жылға көбеюде. Алайда, осы күнге дейін электрондық оқулық қандай болу керек және қандай функциялар оның міндеттемелеріне айналу керек деген мәселеге шешуін таппай отыр. [2, 356]

Қазіргі кезде ең өзекті мәселенің бірі – бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар даярлау.

Мемлекеттік маңызды осынау істе оқу құралдарының әрқайсысының өзіндік орны бар. Айталық, кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқытылатын кәсіптік қазақ тілі оқулықтарының мазмұны мен мақсаты болашақ мамандардың кәсібіне қатысты қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін меңгеріп, тіл үйренушінің игеретін мамандығына, қажеттілігі мен сұрақтарына орай кәсіби тілдесімді дамытуға бағытталуы тиіс.

Тәуелсіз мемлекетімізде кәсіптік-техникалық білім беруде барынша көңіл бөлініп жатқан қазіргі кезеңде осы саладағы кадрларды сапалы даярлауға арнайы пәндермен қатар, кәсіби қазақ тілі пәнінің де өзіндік орны бар екені ақиқат.

Бүгінгі студент – ертеңгі маманның алдында жаңа міндет – кәсіби лексиканы меңгеруді қажет ететіні анық. Осындай талаптарды іске асыру барысында техникалық және кәсіптік оқу орындарында қазақ тілін оқыту ісінде жаңа міндеттер туындайды. Бұл мәселені кәсіби қазақ тілінде дұрыс сөйлей білетін, бәсекеге қабілетті білімді мамандарды даярлау және олардың сөздік қорын кәсіби лексикамен дамытумен байланыстыруға болады. Өйткені, қазіргі кезде кез-келген саладағы қызметкер қазақ тілінде сауатты сөйлеп қана қоймай, Қазақстан Республикасының Заңдарын, жарлықтары, үкімдерін қазақ тілінде дұрыс түсіне білуі қажет. Осындай дағдыларды қалыптастыруда студенттердің сөздік қорын, кәсіби лексиканы даму ісі жақсы нәтиже берері сөзсіз. Бұл қазақ тілін мамандыққа сай оқытуды жақсартуды қажет етеді.

ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжінің білім беру процесінде оқытушылар бірнеше электронды оқу құралын әзірлеп тиімді пайдалануда. Кезінде Ахмет Байтұрсынов «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреу бірдей тең болса, оқу қисандамай, ауытқымай тұзу жүреді. Осы үшеуі тең болмағанда оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз...». Демек, қазақ тілін кәсіби салалар бойынша оқыту-үйрету жұмыстары барысында да осы үш талап орнықты болса, атап айтқанда, қазақ тілін орыс дәрісханаларында оқытатын базалық білім бар оқытушының болуы, осы салада пайдаланылатын оқу-әдістемелік құралдар және осы бағыттағы жұмыстардың қаржыландырылуы. Осы жұмыстарды орындау қазақ тілінің барлық салада толығымен дамуы мен толық түрде қолданылуына жол ашары сөзсіз.

Қазақ тілін кәсіби салаларда үйретудің басты мақсаты: болашақ мамандардың қазақша кәсіби тілін дамыту, кәсіби сала мамандарының жаңа саладағы жүйелі даярлығын күшейту, сол негізде Қазақстанның әлемдік жүйедегі орнын нығайтуға және бәсекелестік деңгейін жоғарылатуға үлес қосу. Сондықтан информатика пәнінің оқытушысымен бірлесіп, «Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығына арналған «Кәсіби қазақ тілі» электронды оқу құралы, теміржол мамандығына арналған «Теміржол терминдердің электронды сөздігі», «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» электронды оқу құралы әзірленді.

«Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» мамандығына арналған «Кәсіби қазақ тілі» электронды оқу құралы 7 бөлімнен тұрады. Өр бөлім модуль іспеттес. Ол кемінде 3-5 мәтінді құрайды. Мысалы, «Жылжымалы құрам және оның құрылымы» деп аталатын III бөлімге «Жылжымалы құрам туралы жалпы мәлімет», «Локомотивтер паркі және олардың жұмысын

ұйымдастыру», «Вагондар туралы жалпы мәлімет», «Вагондардың негізгі элементтері мен қызметі», «Қос доңғалақтар» тақырыптарын жан-жақты ашатын, болашақ мамандардың білім, білігін, танымын толықтыратын материалдар топтастырылды. Әр мәтін бойынша негізгі жұмыс түрлерін ретінде мәтінді оқып аудару, сұрақтарға жауап беру, диалог құрастыру, мазмұндау т.б, алынды. Сондай-ақ, мәтін мазмұнына тапсырмалар мен жаттығулар да түзіліп, олардың тіл үйренушілерінің айталым деген ойын дұрыс, сауатты жеткізуіне ықпалын сезіндіру көзделді. Сұрақтар мен тапсырмалар жүйесінде болашақ маманды өз бетінше әрекет етуге, кәсібіне қатысты тың мағлұматтар іздестіруге, тәжірибе жинақтауға жетелейтін тапсырмалар да беріледі. Болашақ маманның өзін-өзі тексеру үшін әр бөлім бойынша тест сұрақтары әзірленіп, оқулыққа енгізілді.

Теміржол мамандығына арналған «Теміржол терминдердің электронды сөздігі» қазақ тілінен орыс тіліне және орыс тілінен қазақ тіліне аудармаларын тез табуға болады. Теміржол терминдерінің қағаз сөздігінің ішінен авторы Жандаулет Т., Қыстаубай Ж. «Теміржол терминдерінің орысша-қазақша сөздігін» таңдадық, себебі бұл сөздікте қазақша-орысша нұсқасы жоқ. Электронды сөздіктің құрамында 7144 сөз бар. Сөздік Delphi 7.0 бағдарламасы негізінде жасалған. Бұл электронды өнім «Кәсіби қазақ тілі» пәнінен ғана емес, арнайы пәндердің оқытушылары үшін да көмекші құрал болып табылады.

«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәні бойынша электронды оқу құралын әзірлеу себебі- осындай электронды оқулыққа қажеттілік сөзсіз, ал осы пән бойынша оқулықтардың өздері жоқ немесе олардың саны өте аз.

«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» электронды оқу құралын «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәнін оқытатын күндізгі және қашықтықтан оқытудың барлық мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім алушыларға арналған. Сондай-ақ, осы осы электронды оқу құралы осындай пәндерді оқытын студенттер үшін, осы тақырыпты меңгергісі келетіндер үшін пайдалы болады.

Электронды оқу құралы теориялық материалдарды, практикалық тапсырмаларды, құжат үлгілерін, бейне дәрістерді, тест тапсырмаларын қамтиды. Электронды оқулықты сабақта қолдануға, студенттердің өзіндік жұмысына арналған. Бұл студенттерді оқыту үшін әмбебап және қажетті форма болып табылады. Оның көмегімен әр студент жеке айналыса алады.

Бұл электронды өнімнің ерекшелігі – оқулықты компьютерге орнатып, сол оқулықта тапсырмаларды орындау. Білім алушы тақырып бойынша теориялық материалдармен танысып, бейне-материалдарды тыңдап, тест тапсырмаларын орындайды, құжат үлгісін толтырады. Орындалған тапсырмаларды оқытушы өз компьютерінен бақылайды.

Электронды оқу құралын әзірлеу және пайдалану тәжірибесі мынадай қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді:

- электронды оқу құралын пайдалану сабақтардың түрлі формаларын өткізу үшін көмектеседі;
- электронды оқу құралы білім беру қызметін белсендіреді;
- электронды оқу құралы өзін-өзі тексерудің мүмкіндігі кеңейеді;
- электронды оқу құралы бөлімдерді таңдауға мүмкіндік береді, әсіресе қашықтықтан оқыту түріне маңызды. [3, 78б]

Сонымен қатар оқытушының ролі жетекші болып қала береді, бірақ оның еңбегінің маңызы өзгереді. Көбінесе студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру басымды болып келеді. Осынмен бірге оқыту процесінде электронды оқу құралын пайдалану нәтижелері талданады, жұмыс ідестері түзетіліп отырады.

Қорыта келе айтарым, оқу процесінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор. Әр студент электронды оқулықпен сабақ бойы үздіксіз байланыста болғандықтан тілді меңгеруіне үлкен мүмкіндіктері бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Досжанов Б., Альменаева Р. Қазақ тілінде электрондық оқулықтар мен web-парақтар даярлау әдістері. Информатика негіздері. 2002.№3
2. Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдердің жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярдаудың теориялық негіздер. – Алматы: Ғылым.2005.-410с.
3. Нұрғалиева Г.К. Электронды оқулықтар – мұғалім мен оқушылар қызметін ізгілендіру құралы.//Компьютер әлемі. Республикалық журнал. №2,-2002.